



ЭСКЕЛДІ

шығымасы

№ 10 (8898)
жұма 11 наурыз
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ЖАРҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әкімдердің кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлыққа қол қойды. Жарлық мәтінінде былай жазылған:

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17 және 21-баптарына сәйкес және қоғамды одан әрі демократияландыру, елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы халықты хабардар ету, жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын, жауапкершілігін, есептілігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудара отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері:

1) жыл сайын 15-қаңтарға дейін мыналарды:

жарты жылда бір рет облыс әкімінің әр ауданда және облыстық маңызы бар әр қалада кемінде бір көшпелі кездесуін;

республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қаланың әр ауданында тоқсан сайын кемінде бір көшпелі кездесуін;

аудан әкімінің әр ауылда, кентте,

ПРЕЗИДЕНТ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӘКІМДЕРГЕ ЖАҢА ЖАРЛЫҚ ШЫҒАРДЫ



ауылдық округте, аудандық маңызы бар қалада тоқсан сайын кемінде бір көшпелі кездесуін;

облыстық және аудандық

маңызы бар қала, ауылдық округ әкімінің қаланың, ауылдық округтің құрамына кіретін әр ауданда (шағын ауданда), ауылда, кентте

тоқсан сайын кемінде бір көшпелі кездесуін;

ауыл, кент, қаладағы аудан әкімінің тоқсан сайын кемінде

бір кездесуін өткізу көзделген әкімдердің халықпен кездесулерінің икемді жылдық күнтізбесін (мұнан әрі – күнтізбе) әзірлеп, оны мәслихатпен келісу бойынша бекітіп отырсын.

Қажет болған жағдайда күнтізбені мәслихатпен келісу бойынша түзетуге жол беріледі;

2) жыл сайын 20-қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітілген күнтізбені ұсынсын.

3. Барлық деңгейдегі әкімдер:

1) халықтың талап етуі бойынша және қажет болған кезде күнтізбеде тыс халықпен кездесу өткізсін;

2) техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, халықтың әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда міндетті түрде пікір білдіру мүмкіндігімен онлайн-трансляциялар, сондай-ақ қажет болған жағдайда бейнеконференцбайланыс ұйымдастыру арқылы кездесулер өткізуді қамтамасыз етсін;

3) кездесу үшін жоспарланған уақыттың төрттен бірден аспайтын бөлігін баяндаманы таныстырумен, уақытты қалған бөлігін «сұрақ-жауап» форматында өткізсін;

4) халықпен кездесулер өткізгенге дейін:

проблемалық мәселелердің пулын жасау үшін жергілікті қоғамдастық жиналысы және қоғамдық кеңестер мүшелерінің қатысуымен халықтың сұраулары мен ұсыныстарын жинау жөнінде комиссия құруды;

2-бет

ТҮГҮР

АУДАН ӘКІМІ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС, ТЫНДЫРЫМДЫ ТІРЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Жуырда Күлтөбе басында аудан атқамінерлері бас қосты. «Амапат» партиясының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың партияның кезектен тыс XXII съезінде берген тапсырмаларын кеңінен насихаттау мақсатында аудандық партия филиалының партиялық актив отырысы өтті. Отырысқа аудан әкімі, партияның Ескелді аудандық филиалының төрағасы Рустам Али, «Амапат» партиясының Саяси кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары, «Jas Otan» жастар қанаты, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, аудандық мекеме басшылары және БАҚ өкілдері қатысты. Жиын басында аудан әкімі, партияның Ескелді аудандық филиалының төрағасы Рустам Али күн тәртібімен таныстырып, партияның алға қойған мақсаттары мен міндеттерін Ескелді ауданында іске асыру керігін жеткізді.

- Наурыз айының алғашқы күнінде партияның кезектен тыс XXII съезі өтті. Партия Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев саяси құрылымның нақты трансформациясы басталып жатқанын айтып, жұмыстың жаңа стилін белгіледі. «Қаңтар оқиғасынан» кейін елдегі жағдай тұрақталған сәттен біз Мемлекет басшысының



барлық саяси институттарды, оның ішінде «Амапат» партиясын жаңғыртуға деген табанды шешімінің куәсі болдық. Оған дәлел – саяси ұйымның басшылығы ауысуы, партияның алдағы жаңғырту жолдары айқындалатын кезектен тыс съезінің өтуі. Кезектен тыс XXII съезде партияны модернизациялау бойынша 7 басымдылық ұсынып, бірқатар тапсырмалар берілді. Мемлекет басшысы, партия төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл ұсынысқа қолдау білдірді, партияның жаңа атауын Съезд делегаттары да бірауыздан қолдады. Партияның әрбір мүшесі бұл жауапкершілікті терең сезініп, аянбай еңбек етеді деп сенемін, - деді аудан

әкімі Рустам Али. Аудан басшысы қоғам белсенділеріне, халық қалаулыларына бірқатар тапсырма берді. Біріншіден, партия мүшелерінің ауылдардағы өзекті мәселелерді шешуге атсалысуын күшейтуді сұрады. Мәслихат депутаттарының халықпен жүйелі кездесу өткізуін тәжірибеге енгізіп, шалғайдағы елді мекендерге өзекті проблемалар бойынша тұрғындарды қабылдауларын ұйымдастыру керігін де айтты. Қоғамдық қабылдаулар қызметін жандандыру, азаматтардың өтініштері түкпілдік шешімін тапқанша бақылауда ұстау керігін де тілге тиек етті.

2-бет

АНАЛАРҒА, АЯУЛЫЛАРҒА ІЛТИПАТ КӨРСЕТТІ

Көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай аудан әкімі Рустам Али жылдағы дәстүрге сай әйелдер қауымын құттықтады. «Аналар – асыл жандар» деген атаумен өткен мерекелік жиын аудандық мәдениет үйінде өтті.

Арнайы ұйымдастырылған салтанатты шарада түрлі салада еңбек етіп жүрген ауданның нәзікандылары төрден орын алды. Көңіл-күй де бұрынғыдан өзгерек. Жылдан нәзік жандылардың бірі – кәсіпкер, екіншісі – ұстаз, үшіншісі – ақ халатты абзал жан, тағысын тағылар. Белсенді әйелдер қауымына аудан басшысы да құрмет көрсетіп, құттықталып көктем мерекесімен құттықтады.

- Қай кезде де әрбір халық үшін әйел жанының жылулығы мен сұлулығы, мейірімділігі мен кеңдігі әлемге рух беріп келеді. Біздің ата-бабаларымыз әйелдің тек үйдегі ғана емес, жаратылыстағы маңыздылығын «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербейді» деп бір ауыз сөзбен жеткізген. Сіздер, әсемдік әлемінің үлгісіндей сұлу да сымбатты қалыптарыңызды сақтап отырып, шаңырақтың шырайын келтіріп Отанасы – аяулы ана, адал жар, үлгілі қызметкер миссияларын қатар алып жүрсіздер. Заманауи өмір ағымынан да қалыс қалмай, ғасырлар бойы келе жатқан халық даналығын да сақтай отырып, жер бетіндегі әсемдіктің көрінісі болып қала бересіздер, - деді аудан әкімі Рустам Али.

Шара барысында аудан басшысы қоғамдық өмірге белсене араласып жүрген әйелдер қауымына алғыс хат табыстады. Салтанатты жиынға керней-сырнайын арқалап, өнерпаздар да келіпті. Ана жайында әдемі ән арнап, мерекелік кездесудің шырайын аша түсті. Бүлдіршіндердің өнеріне көрермен таңдай қақты. Әсемдіктің нышанына айналған арулардың мерекесі жоғары деңгейде өтті.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ



